

Мұнда жауапкершілікті ауырлататын заңның кері күшіне жол берілмейтіндігі туралы ереже гуманизм қағидасының көрінісіне, ал жауапкершілікті бекітетін заң - әділеттілік қағидасының көрінісіне жатқызылуы арнайы түсіндіруді талап етеді.

Жауапкершілікті белгілейтін немесе күшейтетін, азаматтарға жаңа міндеттер жүктейтін немесе олардың жағдайын нашарлататын нормативтік құқықтық актілердің кері күші болмайды. Жауапкершілікті бекітетін заңның кері күшіне жол берілмеуі әділеттілік қағидасына жатқызылады, өйткені қарама-қайшы норманың әрекет етуі жағдайында теріс қылықтың жасалу сәтіндегі қоғамдық пікір мен тұлғаға жауапкершілік шараларын қолдану арқылы теріс әсер етудің арасында сәйкестілік, ара қатынас бұзылатын еді. Ал жауапкершілікті күшейту орын алса жағдай басқаша болар еді. Мұнда әлдебір әрекетке негативті, заңсыз деген пікір беріп қойылған. Сондықтан жауапкершілікті ауырлататын заңның кері күшіне жол берілмейтіндігін әлдебір теріс қылықты қоғамның бағалауын өзгерте отырып түсіндіру өте қиын. Сәйкесінше бұл норманың заңда болу себебін басқа жақтан іздеу керек. Біздің пікіріміз бойынша мұндай себепті, заң шығарушының жағдайды реттеуге мүмкіндігі бар екі варианттың мейлінше жеңілдеуін таңдауында деп түсіндіруге болады. Осыған байланысты жауапкершілікті ауырлататын заңның кері күшіне жол берілмейтіндігі нормасының қайнар көзі жауапкершілік гуманизмі қағидасы болып табылады деген қорытынды шығаруға мүмкіндік береді.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе заңды жауапкершілік гуманизмі қағидасының мәнін біріншіден, заңмен бекітілген заңды жауапкершілік шаралары тұлғаға физикалық тұрғыда азап келтіруді, ар-ождан, қадір-қасиетті қорлауды мақсат тұтпайды, екіншіден, жауапкершілікті жоюын немесе жеңілдететін заңның кері күшіне жол берілгенде жауапкершілікті ауырлататын заңның кері күшіне жол берілмейтіндігімен түсіндіруге болады.

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы – Алматы: Жеті Жарғы, 1995. – 96 б.
2. Франк С.Л. Духовные основы общества. Введение в социальную философию // Русское зарубежье. Л., 1991. – С. 254.
3. Маркс К. Энгельс Ф. Сочинения. 2-е издание. – Т. 46, ч. 1. – С. 214.
4. Цыбулевская О.И. Юридическая ответственность // Теория государства и права / Под ред. Н.И. Матузова, А.В. Малько. - М., 1997. - С. 680.
5. Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексі. – Алматы: ЮРИСТ. 2001. – 142 б.
6. Қазақстан Республикасының Президентінің Жарлығы. Қазақстан Республикасында өлім жазасына мораторий енгізу туралы 2003 ж., 17 желтоқсан № 1251. // Егемен Қазақстан. - 2002. - 23 желтоқсан.
7. Қазақстан Республикасының Заңы. Нормативтік құқықтық актілер туралы 1998 ж., 24 наурыз N 213. - Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., 2-3, 25-құжат.

\*\*\*

This article is devoted to humanization principal's of legal responsibility.

\*\*\*

В данной статье рассматривается принцип гуманизма юридической ответственности.

*А.М. Каратаева*

## **МЕМЛЕКЕТТІҢ КӨШІ-ҚОНЫ САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТЫ МЕН ҚЫЗМЕТІ**

Әрбір мемлекет өз халқының саны мен құрамы туралы мәліметтерге мұқтаж.

Қазіргі кездегі мемлекеттік билік күннен күнге халық санының өсіп-өнуіне үлкен назар аударуда. Адам санын есептеу мемлекетке өзінің әлеуметтік функцияларын атқару үшін қажет. Ол өз кезегінде барлық еңбек ресурстарын анықтайды, сонымен қатар, әлеуметтік даму саласында белгілі бір шешім қабылдау үшін және басқа мемлекеттің функцияларын орындау үшін негіз болып табылады.

Халықтың туылым мен өлім көрсеткіштерінің жақсы жаққа өзгеруіне, көші-қон мәселелерін шешуде мемлекет функциясының ролі зор. Демографиялық үрдістер адамның еркінен пайда болмайды. Мемлекет пен құқықтың өзара әрекет етуі өте күрделі үрдіс. Демографиялық үрдістерді жүйелі және жан-жақты талдау үшін мемлекеттік билік қажет. Мемлекеттің әлеуметтік және басқа да функцияларын атқаруда демография өте ауқымды фактор болып табылады. Қазіргі кезде мемлекет функциясы ішінде демография функциясы өте күрделі болып отыр. Себебі қоғамның қажеттілігін қанағаттандыру үшін жаңа, бұрынсоңды болмаған функциялар қалыптасуда.

Қазіргі жаһандану кезеңінде демографиялық мәселелердің дамуы көп ғалымдарды қызықтыруда. Демографиялық үрдістерді зерттеуші ғалымдар көбінесе оның тек экономикалық қырын зерттеумен айналысуда. Қазіргі кездегі демография ол үлкен ғылым. Ол қоғамның барлық

жағын қамтиды. Соның ішінде статистикаға көп сүйенеді. Статистика болмаса, халықтың ұлттық, әлеуметтік және басқа да әр түрлі деңгейін зерттеу мүмкін емес. Егерде заң ғылымына келсек, онда демографиялық үрдістерге мемлекет пен құқықтың әсері теориялық тұрғыдан зерттелмеген. Осы күнге дейін демографиялық үрдіс әлеуметтік үрдістің бір бөлігі болып келді. Қазіргі дүниежүзі жаһандану кезеңін бастан кешіріп, экономикалық дағдарыстың тұғырында тұрған қоғам үшін, әлеуметтік үрдістерді оның ішінде демографиялық үрдістерді реттеуде мемлекет пен оның функциясының рөлін күшейту талап етіліп отыр. Мемлекет тарапынан қабылданып жатқан әр түрлі демографиялық стратегияларды мемлекеттік саясаттың ең негізгісі деп біліп, оны жүзеге асыруға көшу керек. Нарықтық заманға көше бастағанда мемлекеттің ең негізгі экономикалық мақсаты еңбек өндірісін көтеру арқылы халықтың әл-ауқатын көтеру болған. Қазақстан Республикасы халқының тіршілігін жақсарту үшін экономиканы тұрақтандыру, бәсекелестікті дамыту, халықты жұмыспен қамтуды белгілейтін еңбек және ақша нарықтарын жасауды көздеген. Жалақының көтерілуін қамтамасыз ету кедейшілікпен күресу және әлеуметтік қорғандың бірден-бір амалы ретінде көрсетілген. Бұл мәселелердің барлығы жүзеге асырылған жоқ.

Жаһандану кезеңіне мемлекеттің әлеуметтік функциясы, нарықтық экономиканың талаптарына сай келмейді. Халықты әлеуметтік қорғауда әр түрлі мекемелердің қызметін жақсарту қажет. Олардың басты мақсаты халықты жұмыспен қамту болу керек. Бұл аталған мақсат–міндеттер мемлекеттің алдына қойған міндеттердің бір ғана бөлігі.

Халықтың демографиялық даму көрсеткішін білмей, елдің ұлттық құрамының қалай өзгергенін анықтау мүмкін емес. Халық санының өсуі мен дамуын зерттеу қоғам өмірінің барлық салаларын мемлекеттік басқару үшін маңызы бар. Демографиялық үрдістердің өзгеруімен, мемлекеттің де маңызды экономикалық, саяси, әлеуметтік жақтары өзгереді.

Демографиялық үрдістерді құқықтық және саяси құралдар арқылы басқаруға болады. Мемлекеттің демографиялық үрдістерін елдегі туылым, өлім және көші-қоны мәселелері құрайды.

Қазіргі Қазақстан жағдайында заңи тұрғыда аталған демографиялық үрдістерді нақты түрде реттеу қажет. Туылым, өлім, көші-қоны мәселелері бүгінгі таңда көлемі жағынан да, дәрежесі жағынан да үлкен проблемалардың бірі болып табылады. Заманның ағымы осы мәселелерді құқықтық реттеуді талап етті. Соның нәтижесінде осы үрдістерді реттейтін бірқатар нормативтік–құқықтық актілер қабылданды.

Қазіргі жаһандану кезеңінде Қазақстан үшін бұрынсоңды құқықтық реттеу аясынан тыс болған қатынастарды реттеуге бағытталған жаңа заңдарды қабылдау қажеттілігі байқалып отыр.

Мемлекетіміз демографиялық үрдістерді шешуге бағытталған нормативтік–құқықтық актілерді қабылдауда басқа шетел мемлекеттерінің тәжірибесін пайдаланса жақсы болар еді.

Елдің демографиялық дағдарыстан шығуы үшін көші-қоны үрдістерін реттеу қажет. Қазіргі кезде мемлекеттің әлеуметтік және экономикалық дамуы мен ұлттық қауіпсіздік мүдделері көші-қонды реттеуде жаңа жолдарды талап етіп отыр. Мемлекетімізде байырғы кезде әр түрлі себептермен көшіп кеткен шетелдердегі қазақтардың еліне қайта оралуына жағдайлар жасалуда. Мемлекет әр жылы оралмандарды қабылдауда квоталар белгілейді. Елімізде заңсыз көшіп келушілер мен босқындар саны өсуде.

Халықтың өсіп-өнуі оның өзгеруі, туылым, өлім, көші-қоны көрсеткіштерін дамуын қамтиды. Соңғы кездері біздің ел үшін адамдардың шекара арқылы қоныс аударуы, өздерінің тұрғылықты жерлерін ауыстыруы маңызды мәселе болды.

Көші-қонын адамдардың тіршілік ету ортасын өзгерту нысаны деп қарауға болады. Көші-қон дегеніміз тұрғылықты өзгерту не оған қайтадан қайтып келу мақсатында адамдардың шекара арқылы белгілі бір аумақ арқылы қозғалысы болып табылады.

1997 жылғы 13 желтоқсандағы «Халықтың көші-қоны туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес: «көші-қон – жеке тұлғалардың бір мемлекеттен басқа мемлекетке, сондай-ақ мемлекет ішінде тұрақты немесе уақытша, ерікті немесе мәжбүрлі қоныс ауыстыруы» - деп түсініледі [1].

Елімізге халықтың табиғи аз өсімінің орнын толтырған көшіп келушілер ағымын реттеуге бағытталған жаңа жолдар іздеп табу қажет. Оларды жыныстық, жастық ерекшеліктеріне қарай, денсаулығының жағдайына, кәсібіне қарап пайдалы етіп ынталандыру керек. Сонымен қатар халық санын сақтап қалуды ойлай отырып, шетелден жоғары кәсіби мамандарды жұмыс күші етіп тартуды дамыту қажет. Еліміздің ішкі көші –қонын реттеу барысында, азаматтардың тіршілік етуін қолдай отырып, жұмыс күшін көтермелеуге бағытталған шаралар кешенін жасау қажеттілігі туындап отыр. Республикамызда көші-қон үрдістерін реттейтін заңнамалардың іске асуы баяу жүрді. КСРО–ның ыдырауымен тез арада бірқатар заңдарды қабылдау қажеттілігі туды. Қазақстан тәуелсіздік алуымен шетелдерге көшіп кетушілермен, жақын елдерден көшіп келушілерді

мемлекеттік құқықтық тұрғыдан реттеу керек болды. Осы ретте 26 маусым 1992 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының Көшіп келу туралы заңын [2, 160 б], 1992 жылы Алматыда Дүниежүзі қазақтарының алғашқы құрылтайын [3, 11 б] атап кеткен жөн.

Көші–қонның жағымды жақтарына қазіргі еліміздің басынан кешіріп жатқан экономикалық дағдарыстан шығуға ықпал жасайтын экономикалық белсенді адамдардың өсуін талап етеді. Мұндай көшіп–келушілердің көбісі жеке бизнеспен айналысуға ұмтылады. Олардың біздің еңбек нарығымыз қызықтырады.

Көші–қонның жағымсыз жақтары да бар: біріншіден, көшіп келушілердің мінез–құлқы, тұрмыс – салты, мәдениеті еліміздің тұрғылықты халқының ділімен, мәдениетімен ұқсас па, жоқ одан алыс па соған кері әсер етуі мүмкін; екіншіден, тұрғылықты халықтың шетелден келген адамды қалай қабылдайтыны ол да беймәлім мәселе.

Әр түрлі этникалық, расалық, діни наным–сенімдері бар халықтың араласып өмір сүруі адамдардың қарым–қатынас жасауда қиыншылыққа әкеліп соғуы мүмкін, олардың арасында қақтығыстардың болуы мүмкін. Оның нәтижесі көрші болып тұрған адамдардың қақтығысынан бастап, әр түрлі топтық бұзақылық пен митинг, демонстрациялармен аяқталуы мүмкін.

Халықаралық құқықтық деңгейде көші–қон үрдісін реттейтін құжаттарды атап кеткен жөн: 1951 жылғы «Босқындардың мәртебесі туралы» Конвенция және 1967 жылғы оның Хаттамасы, БҰҰ-ның «Еңбек етуші–мигранттар мен олардың отбасы мүшелерінің барлық құқықтарын қорғау туралы» Конвенциясы. ТМД мемлекеттері шеңберінде қабылданған халықаралық құжаттарды, мемлекетаралық келісімдер мен шарттарды айтып кеткен жөн: ТМД мемлекет–қатысушыларының заңсыз көші–қонмен күресудегі ынтымақтастық туралы әртүрлі шарттар және т.б.

Сонымен қатар, көші–қоны үрдісін реттейтін бірқатар ұлттық заңнамалар да баршылық. Олар, 20 желтоқсан 1991 жылы қабылданған «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» Қазақстан Республикасының заңы, 19 маусым 1995 жылы «Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы» Қазақстан Республикасының заңы қабылданды. Бұл заң шетел азаматының Қазақстан Республикасы аумағында кіріп, жүріп–тұруын және шығуын реттейді.

Сонымен бірге көші–қон үрдісін реттейтін әр түрлі тұжырымдамалар мен бағдарламалар қабылданды. Олар: «Этникалық қазақтардың тарихи отанына қайта оралуы туралы» тұжырымдама, «Жібек жолы: өңірлік ынтымақтастық пен даму мақсатында мүдделерді күшейту» өңірлік бағдарламасы, «2009–2011 жылдарға арналған Нұрлы Көш» бағдарламалары.

Еліміз оралмандарға керекті әлеуметтік көмек беріп, қолдау көрсетеді. Қазіргі кезде бір уақытылы жәрдемақы, тұрғын үй алуға ақы, жүріп тұрғаны мен мүлкін тасуына орта есеппен 5 адамнан тұратын отбасыға 833 мың теңгеден бөлінеді. Елімізде оралмандарды уақытша орналастыратын 14-ке жуық орталықтар қызмет етеді [4].

Көші–қоны үрдісінде көшіп жүретіндердің құқықтарын реттеу үшін ең маңыздысы болып - азаматтық институт табылады. Оның маңызы көшіп келушілердің еліміздің азаматтығын алуға ниет білдіргенінен басталады. Осыған орай азаматтықты алу мен тоқтатудың да құқықтық реттелуінің маңызы зор. 20 желтоқсан 1991 жылы қабылданған «Қазақстан Республикасының Азаматтығы туралы» Қазақстан Республикасының заңы бойынша азаматтықты ала алмайтындар белгіленген. Олар: қылмыстылықпен байланысты; Қазақстан Республикасы аумағының бірлігі мен біртұтастығын бұзуға байланысты; халықтың денсаулығы мен мемлекеттік қауіпсіздікке зиян әкелетін; мемлекетаралық, халықаралық және діни алауыздықты жандыратын, Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілінің қызмет етуіне қарсылықтың болуына байланысты; басқа мемлекеттердің азаматтығында болуымен байланысты жағдайларды қамтиды. Отандастар үшін бұл заңда азаматтық алу тәртібі жеңілдетілген [5]. Елімізде азаматтық мәселе тек ұлттық заңнамалармен ғана емес, сонымен қатар, халықаралық құжаттармен де реттелінеді. Мысалы, 19 қаңтар 1996 жылы Мәскеу қаласында ТМД мемлекеттер–қатысушылар азаматтарының азаматтық алу тәртібінің жеңілдетілуі туралы Конвенция қабылданды. Бұл құжатта ТМД мемлекеттер–қатысушылардың азаматтарының азаматтық алу тәртібінің жеңілдетілген нысанын көздейді. Егер арызданушы бұрын КСРО–ның азаматтылығында болып, сол аумақта 21 желтоқсан 1991 жылға дейін және Конвенцияның күшіне енуіне дейін тұрса және де егер арыз берушінің туған–туыстары, ері не зайыбы, баласы, әкесі не анасы, ағасы, атасы не апасы, немерелері келісіліп жатқан жақтың аумағында тұрақты тұрып, оның азаматы болса, азаматтықты жеңілдетілген түрде алады [6]. Соның ішінде Белоруссия Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикалары мен Ресей Федерациясы арасында азаматтықты алу тәртібін жеңілдету туралы келісімдері жасалған.

Еңбектің ішкі нарығын қорғау мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметі республика аумағына еңбек қызметін жүзеге асыру үшін енгізілетін шетелдік жұмыс күшіне квота бекітіп, оның орындалуын қамтамасыз етеді.

Қазақстанда заңды көшіп келушілермен қатар, заңсыз көшіп келушілер де бар. ТМД мемлекеттерінің шекараларында қатаң бақылау жүзеге асырылмағандығы, Қазақстан аумағының геосаясаттық орналасуы және заң актілерінің жетілмеуі, қолайлы экономикалық жағдайы, әлеуметтік-саяси тұрақтылық, заңсыз көші-қонының пайда болуына әсер ететін негізгі факторлар болып табылады. Заңдастыру барысында Қазақстан аумағында заңсыз еңбек етіп жүрген 164,5 мың шетел азаматтары ұсталынды [7].

Осы мәселені қарастыра келе, мемлекеттік көші-қон саясаты жүзеге асыру қажеттілігі байқалады, оның ішінде көші-қоны ағымдарын реттеу үлкен маңызға ие болып отыр. Қазақстан мемлекетінің санын толтыру үшін, дамып жатқан көші-қон үрдісінің теріс салдарларының алдын-алу қажет. Заңсыз көші-қонының қауіптілігі елдің демографиялық жағдайына да әсер етеді, мемлекеттің өзіне де қауіпті.

Елімізде әлі де болса шешілмеген бірқатар мәселелер бар. Қазіргі уақытта ішкі миграцияның саны өсуде. Ішкі көші-қонның негізгі бөлігі ауылдық жерлерден көшумен жалғасып отыр. Осыған орай көші-қон айырымы төмендеп отыр. Білікті мамандардың азаю қаупі бар. Оралмандарға әлеуметтік қолдау көрсету жүйесін ары қарай жетілдіру қажет. Иммигранттардың квотасына енгізілген әлеуметтік жәрдемақының негізгі бөлігі тұрғын үймен қолдауға және отбасыларын көшіруге кетеді.

Шетелдердегі қазақ диаспораларының өкілдері арасында ақпараттық-насихаттайтын жұмыс жүргізудің тиімділігі төмен [4].

Халық саласындағы әлеуметтік-экономикалық мәселелер, соның ішінде көші-қон саласындағы мәселелерде қазіргі таңда барлық дамыған мемлекеттердің негізгі мәселесі болып отыр. АҚШ, Канада, Австралия және т.б. бірқатар еуропалық мемлекеттер де қазіргі кезде келіп жатқан шетел азаматтарына қатысты иммиграциялық саясаттың сұрыпталған ерекше түрін жүргізуде. Мысалы, АҚШ мемлекеті өз еліне қажетті деп тапқан шетел азаматтарын тартады (ғалымдарды, өнер адамдарын, спортсмендерді). Сонымен қатар, Германия, Израиль және Польша сияқты бірқатар мемлекеттер халықтың ұлттық этникалық құрамын сақтау мақсатында арнайы этно-тарихи көші-қон саясатын жүргізеді [7].

Елбасымыздың бастамасымен халықтың көші-қоны туралы заңдар қабылданды және шет елдерде тұратын қазақтарды өз еліне қайтару жөнінде бірқатар мемлекеттік бағдарламалар да қабылданды. Заң ғылымында бұл үрдіс этникалық репатриация деп аталады. Президентінің жыл сайынғы халыққа жолдауында елдегі демографиялық мәселенің ушығуы өзекті проблема болып қала беретіндігі жөнінде айтылады. Осының нәтижесі демографиялық саясатты жүзеге асыру, жағдайды жақсарту жөнінде шараларды қамтитын нормативтік құқықтық базаларды жетілдіру қажеттілігінің өзекті екендігіне көз жеткізіп отыр.

Елімізде ғалымдар мен арнайы маман иелерін дайындау үшін білім, ғылым және экономика саласы бойынша мемлекет ұзақ және көлемді қаржылай инвестициялар жұмсайды. Бірақ олардың көбісі болашақта шетелге қайтып оралуды қалайды.

Көші-қон бойынша халықаралық ұйымның мәліметтеріне сәйкес Қазақстан мемлекеті ең көп көші-қон үрдістері болатын мемлекеттер қатарына жатқызылған. Қазақстандағы көші-қон үрдістерінің көлемі өсіп, олардың саяси және әлеуметтік-экономикалық жағдайларға әсер етуі кеңейеді. Қазіргі кездің өзінде республикамыз көші-қон ағымының әсерін сезініп жатыр. Сонымен қатар, елімізде көші-қонының ұлттық, өңірлік және әлемдік бағытта дамуына мүмкіншілік беретін мониторинг жүйесі жоқ.

Мемлекетте көші-қон аясындағы қызметті жетілдіру мен мәжбүрлі көші-қон бойынша көшіп келгендердің құқығын қалпына келтіру қиындыққа ұшырап отыр. Республикада паспорттық-визалық режимді нығайту қажет. Сонымен қатар, мемлекет аумағына келуші шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарды тіркейтін жүйені жетілдіру қажет. Басқа мемлекеттерден республика аумағын бөлетін шекара қызметін күшейту қажет.

Осы аядағы қатынастарды реттейтін нормативтік-құқықтық актінің бірі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 12 шілде 2000 жылы қабылданған «Қазақстан Республикасының халқын құжаттандыру мен тіркеу ережесі туралы» № 1063 Қаулысы болып табылады [8].

Бүгінгі таңда Қазақстанда паспорттық-визалық құжаттарды даярлау мен енгізуде жаңа тәсілдер қолданылуда. Сонымен қатар, ТМД елдерінен шекара арқылы өту кезінде визасыз өтетін жағдайлардың тізімін қысқарту қажет. Шекарада қатаң бақылау жүргізілуін жетілдіру керек. Осындай шараларды жүзеге асыру арқылы елдің демографиялық жағдайын біршама жақсартуға

болады. Халықтың санын көші-қоны тұрғысынан толықтырудың нәтижесі адамдардың арасындағы қарым-қатынастарды қиындатпау қажет.

Қазақстан Республикасының көші-қон саясатының мақсаты - еліміздің ұлттық бірдейлігі мен қауіпсіздігін сақтау және дамыту шеңберінде заңсыз көші-қонды қысқарту мен сұрыптаушылық көші-қонды қалыптастыру жолымен көші-қон процестерінің келеңсіз салдарын азайту болып табылады.

Сонымен, мемлекеттің миграциялық қызметі, мемлекеттің басқа да қызметтері сияқты, Қазақстан Республикасының демографиялық мүдделерін қорғауға, демографиялық үрдістерді реттеуге, шешуге бағытталған.

Елдегі халық санының өсуіне ықпал ететін, үлкен маңызға ие болып табылатын көші-қон үрдістерін реттеудегі мемлекеттің қызметін демография саласындағы мемлекет қызметінің бір бөлігі етіп белгілеуге болады.

Жоғарыда аталған мәселелерді шешу үшін демографиялық үрдістердің бір бөлігін қамтитын көші-қон саясатын тиімді етіп жүргізу қажет. Ол үшін көші-қон саясаты, сонымен қатар, демографиялық саясаттың өзі де мемлекеттің ішкі саясатының маңызды бөлігі болуы тиіс. Елімізде жүргізіліп отырған көші-қон саясаты мемлекеттің экономикалық, саяси, әлеуметтік жағынан өсіп-өркендеуге ықпал етуге, егеменділік пен тәуелсіздікті сақтап қалуға, мемлекеттік, ұлттық, экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, аумақтық біртұтастықты сақтап қалуға бағытталуы қажет. Осы мақсатта көші-қон саласын реттейтін қазіргі заманның талабына сай заңнамаларды жетілдіріп, дамытсақ жеткілікті іс.

1. Қазақстан Республикасы. Халықтың көші-қоны туралы Заңы / 13 желтоқсан 1997 жылы Парламентпен қабылданған. 10 желтоқсан 2008 жылғы өзгертулер мен толықтырулармен // Егемен Қазақстан. – 2008. – 12 желтоқсан.

2. Қазақстан Республикасы. Қазақстан Республикасының Көшіп келу туралы Заңы / 26 маусым 1992 жылы Жоғарғы Кеңеспен қабылданған // Халықты жұмыспен қамту туралы Қазақ КСР-ның заңына қатысты нормативтік актілердің жинағы. -Алматы, 1992. - 260б.

3. 1992 жылы Алматыда Дүние жүзі қазақтарының алғашқы құрылтайы. -Алматы: Атамұра – Қазақстан, 1993. – 92 б.

4. Қазақстан Республикасы. 2009-2011 жылдарға арналған Нұрлы Көш бағдарламасы / 2 желтоқсан 2008 жылы қабылданған Үкіметтің қаулысы // Егемен Қазақстан. – 2008. – 3 желтоқсан.

5. Қазақстан Республикасы. Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы Заңы / 20 желтоқсан 1991 жылы Жоғарғы Кеңеспен қабылданған. 22 мамыр 2007 жылғы өзгертулер мен толықтырулармен // Егемен Қазақстан. – 2007. – 23 мамыр.

6. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы. ТМД мемлекеттер-қатысушылар азаматтарының азаматтық алу тәртібінің жеңілдетілуі / 19 қаңтар 1996 жылы қабылданған Конвенция // «Юрист» Электрондық жүйесі.

7. Қазақстан Республикасы. 2007-2015 жылдарға арналған көші-қон саясаты тұжырымдамасы / 2007 жылғы 28 тамызда қабылданған Президенттің Жарлығы // Егемен Қазақстан. – 2007. – 29 тамыз.

8. Қазақстан Республикасы. Қазақстан Республикасының халқын құжаттандыру мен тіркеу ережесі / 12 шілде 2000 жылы қабылданған Үкіметтің Қаулысы. 24 желтоқсан 2008 жылғы өзгертулер мен толықтырулармен // Егемен Қазақстан. – 2008. – 25 желтоқсан.

\*\*\*

The article deals with politics and government activities in the field of migration relations, regulation of migration relations.

\*\*\*

В статье рассматривается политика и деятельность государства в сфере миграционных отношений, правовое регулирование миграционных отношений.

*А.С. Смагулова*

## **ОБЫЧАИ И ТРАДИЦИИ КАК ИСТОЧНИКИ ГРАЖДАНСКО-ПРАВОВЫХ ОТНОШЕНИЙ И ГРАЖДАНСКО-ПРАВОВОГО РЕГУЛИРОВАНИЯ: ОБЗОР ИСТОРИЧЕСКИХ ИСТОЧНИКОВ**

Всякое из государств мира имеет многовековую историю гражданского права и традиции его применения. Во всех странах обычаи и традиции, широко распространенные религиозные убеждения и взгляды определенного народа, система правовых норм, сформированных в различных формах в различные периоды исторического развития, считаются источником гражданско-правовых отношений и гражданско-правового регулирования. В ходе исторического развития эти системы проходили процесс изменения, совершенствования, обогащения, однако отдельные признаки, которые были присущи им на начальных стадиях эволюции, сохранились по сей день. Среди наиболее распространенных современных основных систем гражданского права